

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Апаттар медицинасы орталығы" мемлекеттік мекемесін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің қарамағынан Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің қарамағына беру және қайта атау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 17 тамыздағы N 704 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Апаттар медицинасы орталығы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің қарамағынан Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің қарамағына берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Апаттар медицинасы орталығы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің "Апаттар медицинасы орталығы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - мекеме) болып қайта аталсын.

3. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мекеменің жарғысына тиісті өзгерістер енгізсін және оның әділет органдарында мемлекеттік қайта тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа е н г і з і л е д і .

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 7

ж ы л ғ ы

1 7

т а м ы з д а ғ ы

N

7 0 4

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 15.08.2014 N 938 қаулысымен.
2. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.09.2014 № 1005 қаулысымен.
3. (Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.01.26. N 45 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

4. (Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.15 N 339 Қаулысымен)

5. "2007 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 14 желтоқсандағы N 1204 қаулысында :

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

II "Шығындар" бөлімінде:

02 "Қорғаныс" функционалдық тобында:

"163280004" деген сандар "163426009" деген сандармен ауыстырылсын;

02 "Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру" ішкі функциясында:

"25206689" деген сандар "25352694" деген сандармен ауыстырылсын;

202 "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі" әкімшісі бойынша:

"25206689" деген сандар "25352694" деген сандармен ауыстырылсын;

002 "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюды ұйымдастыру" бағдарламасы бойынша:

"17498558" деген сандар "17644563" деген сандармен ауыстырылсын, 109 "Апаттар медицинасы орталығы 146 005" кіші бағдарламасымен толықтырылсын;

05 "Денсаулық сақтау" функционалдық тобында:

"104902753" деген сандар "104756748" деген сандармен ауыстырылсын;

03 "Мамандандырылған медициналық көмек" ішкі функциясында:

"38229847" деген сандар "38083842" деген сандармен ауыстырылсын;

226 "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі" әкімшісі бойынша:

"38229847" деген сандар "38083842" деген сандармен ауыстырылсын;

010 "Жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету" бағдарламасы бойынша "9349500" деген сандар "9203495" деген сандармен ауыстырылсын.

6. "2007 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 желтоқсандағы N 1220 қаулысында :

көрсетілген қаулыға 34-қосымшада :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 17644563 мың теңге (он жеті миллиард алты жүз қырық төрт миллион бес жүз алпыс үш мың теңге) " ;

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақтың кестесі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 11-жолмен толықтырылсын:

"11	109	Апаттар медицинасы орталығы	Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде медициналық көмек көрсету. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен Тізбеге сәйкес медициналық (емдік және диагностикалық), зертханалық жабдықтар, медициналық емес жабдықтар, мамандандырылған автокөлік сатып алу.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі";
-----	-----	-----------------------------	--	----------	--

көрсетілген қаулыға 300-қосымшада :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 9203495 мың теңге (тоғыз миллиард екі жүз үш миллион төрт жүз тоқсан бес мың теңге) " ;

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақтың кестесінде :

5-бағанда "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде медициналық көмек көрсету. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілген Тізбеге сәйкес медициналық (емдік және диагностикалық), зертханалық жабдықтар, медициналық емес жабдықтар, мамандандырылған автокөлік сатып алу деген сөздер алынып тасталсын;

7-бағандағы "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Апаттар медицинасы орталығына" деген сөздер алынып тасталсын.